

іске асырудың құралдары ауа сапасын жақсарту, өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару, құрғақшылыққа, жердің тозуына қарсы күрес және топырақтың құнарлылығын арттыру, балық шаруашылығын, аквадақылдарды дамыту мен балық ресурстарын молықтыру сияқты мәселелерге жаңа екпін түсірілетін және түзетілетін «Агробизнес – 2020» Қазақстан Республикасында агорөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 – 2020 жылдарға арналған бағдарламасы, Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, аумақтарды дамыту бағдарламалары, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары, 2010-2014 жылдарға арналған «Жасыл даму» салалық бағдарламасы мен басқа да салалық бағдарламалар сияқты, 51 Тұжырымдаманың негізгі бағыттарын енгізу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу ескерілетін қолданыстағы бағдарламалық құжаттар болып табылады. Сонымен қатар Су ресурстарын басқару жөніндегі 2014-2040 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама әзірлеу жоспарланып отыр.

Н. Назарбаев: «Мен өз халқымның жолында басымды бәйгеге тіккен адаммын. Маған ары үшін жанын садаға ететін осындай текті халыққа, мені ұлым деп, перзентім деп төбесіне көтерген халыққа, арғы-бергідегі қазақ баласының бірде-бірінің пешенесіне бұйырмаған бақытты – толыққанды, тәуелсіз мемлекет құрудың басында болу бақытын бұйыртқан халыққа қызмет етуден артық ештеңенің керегі жоқ, осы жолда мен бойымдағы бар қайрат-қабілетімді, білім-білігімді аямай жұмсаймын, қандай тәуекелге де барамын».

Әдебиеттер

1. Концепция перехода РК к устойчивому развитию на 2007-2024 года. Одобрено Указом Президента РК от 14 ноября 2006 – 15-16.
2. Егемен Қазақстан «Жасыл эконимиканы дамыту» № 231 (28170) 11-қазан 2013 – 4 бет
3. Егемен Қазақстан «Ұлттың ұлылығын ұлықтайтын тұс» № 230 (28169) 10-қазан 2013 – 3 бет
4. Егемен Қазақстан «Болашақ энергиясы» № 39 (28263) 26- ақпан 2014 – 6 б
5. https://kk.wikipedia.org/wiki/Жасыл_экономика
6. <http://auliekol.kostanay.gov.kz/kz/zelenaya-ekonomika/>

Қазбеков Т.Б. э.ғ.к., доцент (Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)
Мусабекова А.О. э.ғ.м., оқытушы (Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)
Адыканова А.А. 1 курс (Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)
Шадет А. 2 курс (академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)

«ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАНЫҢ» ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Баламалы қуат көздері мен болашақ энергиясы- уақыт талабы. Бүгін күн тәртібіне «энергетикалық революция» тақырыбы қойылып отыр. Себебі, қазір дүние жүзін осы мәселе толғандыруда. Энергетикалық революция дәстүрлі қуат көздерінен бас тарта отырып, кун, жел, су, сияқты баламалы қуат көздерінің күшін игілікке айналдыруды көздейді. Әлемнің алдыңғы қатарлы инвесторлары баламалы қуат көздерін болашақ индустриясы ретінде қарастыруда. 2015 жылы жел электр стансалары адамзат тарихында тұңғыш рет атом электр стансаларынан басым түсті. Мысалы, Данияда пайдаланылатын қуат көзінің 40 пайызы жел электр стансаларынан алынады. 2050 жылға қарай бұл ел өзін дәстүрлі қуат көзіне тәуелділіктен босатып алмақшы. Жел электр стансалары қазірдің өзінде жер бетіндегі ең арзан электр қуатын пайдалану мүмкіндігін беріп отыр. Қытайда

2012 жылдан бері жел электр стансалары электр қуатын атом электр стансаларынан бірнеше есе көп беріп жатыр. 2014 жылы Қытай хлық Республикасы 21 мың мегаватт жел энергиясының қондырғыларын құрды. Бұл өзгерістер мақсатты түрде даму даңғылына түсу үшін жасалып жатыр. 2030 жылы Еуропалық Одақтың стратегиясына сәйкес, электр қуатының 80-90 пайызы баламалы қуат көздерінен өндірілмекші.

Қазақстанның энергетика саласында жетілдіруді қажет ететін бағыттардың бірі- электр энергиясын жеткізуші аралық делдал кәсіпорындар мен ұйымдардың санын оңтайландыру.

Аралық энергия жеткізуші кәсіпорындар мен ұйымдардың санын оңтайландыру келесі бағыттарды қарастырады:

- Меншік иесі жоқ электр желдерін қабылдап алған жағдайда соңғы тұтынушыларды электр энергиясымен жабдықтаушы кәсіпорындар мен ұйымдарды кооперативтік табыс салығынан және мүлік салығынан босату;

- Табиғи монополиялар туралы заңнамаларда көрсетілгендей электр энергиясымен жабдықтаушы кәсіпорындар мен ұйымдар үшін тыйым салуды алып тастау;

- Қызмет көрсететін электр желілерінің ауқымын ұлғайтқан жағдайда тарифтердің шекті деңгейлерін қайта қарау мүмкіндіктерін қарастыру;

- Мемлекеттік кәсіпорындар балансындағы электр желілерін қабылдап алып қызмет көрсету;

- Электр энергиясымен жабдықтаушы ұйымдарға қойылатын жаңа талаптарды біртіндеп енгізу.

Энергетика саласындағы табиғи монополиялар сферасында басшылық етуші құзіретті ұйымдар энергия жеткізуші кәсіпорындардың қызметіне тағайындалатын тарифтердің шектеулі деңгейлерін қайта қарау құқығына ие болуы тиіс.

Осы шараларды жүзеге асыру энергия жеткізуші ұйымдарды ірілендіруге, ал бұл өз кезеңінде энергиямен жабдықтаушы аралық ұйымдардың санын қазіргі 160-тан 2020 жылға қарай 120-130-ға дейін қысқартуға, энергиямен жабдықтау сенімділігін арттыруға, соңғы тұтынушылардың энергия тасымалдау шығындарын азайтуға, сондай-ақ иесіз қалған электр желілерін өз баланстарына алуына мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары дүние жүзі бойынша мұнай бағасынан төендеуі энергетикалық ландшафтқа үлкен құбылыс әкелді. Ендігі жерде біз мұнай нарығындағы үрдістермен трендтерді назарда ұстай отырып, болашақ энергиясы үшін баламалы қуат көздерін қолдануға көшуіміз керек. Елімізде жаңартылған энергия көздерін қолдану үшін шет мемлекеттердің энергетика саласындағы озық тәжірибелеріне жүгіну қажет. Ал энергетика технологиясы ғылыми тұрғыда жаңғыртылуы тиіс.

Бұл күндері барлық ресурстардың, оның ішінде энергетикалық ресурстардың шектеулі жағдайында, ғалымдар мен мамандар энергетика саласында және энергияны үнемдеу ісінде таза технологияларды дамытудың жаңа жолдарын іздестіруде. Бұл бағытта адамзат баласына ортақ қиындықтар мен бірқатар күрделі мәселелер бар. Соңғы он жылдықтарда энергияны пайдалау өсімінің салдарынан жаһандық жылыну белең алды. Бүгін ешбір ел «қазірше дами бер, экологиямен кейін айналысамыз» деген түсінікпен өмір сүре алмайды. Бізге тез арада планетаның энергетикалық - экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін сценарий қажет. ХХІ ғасыр энергетика саласында серпінді шешімдер дәуірі болғаны абзал, бұл тек энергетика саласының даму векторын ғана емес, жер нарығының алдағы мыңдаған жылдардағы тағдырын анықтайтын кезең болуы тиіс. Аталған мәселе өте күрделі және оның оңтайлы шешімі әлемдік қоғамдастық үшін өте маңызды. Мемлекеттердің 2020 жылға дейін Біріккен Ұлттар Ұйымының орнықты даму мақсаттары аясындағы міндеттемелерді мойнына алғаны осыған дәлел.

Бұдан бөлек, ресурсқа бай кейбір мемлекеттер өкілдері өз энергетикалық саясатының салдары туралы ойлана бермейтінін атап өтуге болады. Екінші бір елдерде бұл саясат өз ресурстарын сақтап қалып, үшінші елдерге экономикалық энергетиканы экспансия жасауға негізделген. Ал табиғи ресурстары өте аз Германия, Жапония, Корея, Сингапур,

Нидерланд сияқты мемлекеттер жаңартылған энергетикалық барынша дамытуға күш салуға мәжбүр болуда. Осындай елдердің арқасында жаңартылған энергияны пайдалану технологиясы мен ауқымы бүгінгі деңгейге жетіп отыр. Ендігі жерде ұлттық «таза» энергетикалық саясаттың әзірленуімен белсенді түрде енгізілуі қажет.

Қазіргі таңда энергияның жаңа көздері қолжетімді бола түсті. Бұрын тек дамыған елдердің ғана одан пайда табуға мүмкіндігі бар еді. Олар жаңа энергия саласындағы технологиялар бойынша білім мен техникалық тәжірибе жинақтай алды. Қазір дамушы елдер үшін осы үдеріске қосылуға ең қолайлы уақыт туып отыр.

Энергетикалық трендтер көлік саласына да ықпал етіп отыр. Қазіргі кезде электромобильдер кең танылып, қолжетімділікке ие болып келеді. Әлемнің көптеген мегополистері қоғамдық таза көлікке көшіп жатыр. Мысалы, Әбу – Даби әмірлігі Хайперлуп желісін салу мүмкіндігін зерттеп жатыр. Бұл вакуумдық пойыз өзінің жылдамдығын сағатына 1200 шақырымға үдете алады. Ал Дубай әмірлігі жүргізушісіз таксиді енгізу бағытында жұмыс істеуде. Ал Қазақстанда былтырдан бастап электромобиль шығарыла бастады. Келекшекте оны өндіру көлемі ұлғая түспек. Сонымен қатар электробустар шығару жоспарланып отыр.

Бұл ретте жаңартылатын энергия көздері жөніндегі халықаралық агенттіктің қызметін айрықша атап өтуге болады. Ол жаңартылатын энергия ұраны арқылы әлем елдерінің көпшілігінің басын біріктіре алды. Көптеген дамушы бұл құрылымды қолдап отыр.

Қазақстанның «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамасында – бұл бағыт халықтың өмір сүру деңгейін көтеретін, қазіргі және болашақ ұрпақтың мүддесі, елдің қабылдаған халықаралық экологиялық міндеттемелерін қамтамасыз ету ретінде айқындалады. Соның ішінде, Рио-де-Жанейро қағидаттарына, Йоханнесбург жоспарына және Мыңжылдықтар декларациясына сәйкес табиғи ресурстарды ұқыпты, әрі ұтымды пайдаланылатын экономика делінген. Бұған қоса, «Жасыл экономика» еліміздің орнықты дамуын қамтамасыз етудің маңызды құралдарының бірі екендігіне басымдық берілді.

Сарапшылардың айтуынша, «жасылдану» Қазақстанның әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына кіру мақсатына жетуге септігін тигізеді. Талдаудың нәтижесі 2050 жылға қарай «жасыл экономика» шеңберіндегі жаңартулар ЖІӨ-ні 3 пайызға қосымша ұлғайтып, 500мың-нан астам жаңа жұмыс орындарын құруға, өнеркәсіп пен қызмет көрсетулердің жаңа салаларын қалыптастыруға, халық үшін сапалы өмір сүру стандарттарын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін дәлелдеуде.

Деректерге үңілсек, бүгінгі таңда Қазақстанда «Жасыл экономикаға» көшудің алғышарттары әбден пісіп жетілген. Сарапшылардың сөзінше, негізгі секторлардың барлығында ресурстарды пайдалану тиімсіздігі орын алған. Бұл болса, экономика үшін жыл сайын 4-8 млрд. АҚШ доллары көлемінде қолдан сусып шығып жатқан пайда дейді. Көрсеткіш мұнымен шектелмейді. Мәселен, аталған деректер 2030 жылға қарай 14 млрд. АҚШ долларын құрауы мүмкін.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан — 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы. -Астана, 14 желтоқсан, 2012 ж.

2. Каренов Р.С. – Энергетический менеджмент: Учебное пособие. – Караганда: ТОО «Арка и К», 2015. – 296 с.